

**"Alatau" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2023 жылғы 15 наурыздағы № 211 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 20 қарашадағы № 990 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Alatau" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2023 жылғы 15 наурыздағы № 211 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін
:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Alatau" арнайы экономикалық аймағы туралы
ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Alatau" арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі – АЭА) қоса беріліп отырған
жоспарға сәйкес шекараларда Алматы облысының Қонаев және Алатау қалаларының,
Талғар және Іле аудандарының аумағында орналасқан.

АЭА порттық арнайы экономикалық аймақ болып табылады.

АЭА аумағы өңірдің көлік-логистикалық әлеуетін, оның ішінде әуежайлардың
қызметін дамытуға арналған аумақты қоса алғанда, 98982,98 гектарды құрайды және
Қазақстан Республикасы аумағының ажырамас бөлігі болып табылады.";

"Alatau" арнайы экономикалық аймағы шекарасының жоспары осы қаулыға 1-
қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген "Alatau" арнайы экономикалық аймағының
нысаналы индикаторлары осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын
.


2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 20 қарашадағы
№ 990 қаулысына
1-қосымша
"Alatau" арнайы экономикалық
аймағы туралы ережеге
қосымша

"Alatau" арнайы экономикалық аймағы шекарасының жоспары



"Alatau" арнайы экономикалық аймағының жалпы аумағы $S = 98982,98$ га

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 20 қарашадағы
№ 990 қаулысына
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 6 қазандағы
№ 624 қаулысымен
бекітілген

"Alatau" арнайы экономикалық аймағының нысаналы индикаторлары

Р/с №	Мақсаттар, міндеттер және көрсеткіште р	Өлшем бірлігі*	Базалық кезең (2025 жыл)	2031 жылға қарай қол жеткізу нысаналы индикатор	2036 жылға қарай қол жеткізу нысаналы индикатор	2041 жылға қарай қол жеткізу нысаналы индикатор	2047 жылға қарай қол жеткізу нысаналы индикатор
1	2	3	4	5	6	7	9

1	Инвестициялардың жалпы көлемі, оның ішінде :	млрд теңге	10	174,1	813,7	1026,84	1666,64
1.1	шетелдік инвестициялар көлемі	млрд теңге	0	79,70	308,64	582,73	1028,32
1.2	отандық инвестициялар көлемі	млрд теңге	10	94,40	505,06	444,11	638,32
2	А Э А аумағында тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді (жұмыстарды) өндіру көлемі	млрд теңге	0	435	842	1172	1759
3	Қатысушылар саны (компаниялар)	бірл.	4	44	50	52	53
4	А Э А аумағында құрылатын жұмыс орындарының саны	адам	120	2800	5853	10589	17366
5	А Э А аумағындағы өндірістің жалпы көлеміндегі қазақстандық қамту үлесі	%	0	34	41	63	91

* - индикаторлардың көрсеткіштері өсу қорытындысымен келтірілген.